

Бегалин Қайрат

Әстемі қазан



ӘРҮНДА
БАСПАСЫ

ББК

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Бегалин Қ.

Естемі қаған. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна», 2008.
– 96 бет. – «Шығыстың ұлылары» топтамасы

*Балалар мен ересектерге арналып жазылған бұл кітапта
Батыс Түрік қаганаты билеушілері әулетінің негізін қалаушы,
баһадұр-жабгу атагымен танымал болған дарынды қолбасшы
Естемі қаганның өмірі мен күрес жолдары жеңіл және көркем
тілмен суреттелген.*

ISBN

ББК

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының
жазбаша рұқсатынысыз кітаптан үзінділерді, сурет-
терді көшіріп басуға болмайды.

ISBN

© «Аруна Ltd.» ЖШС , 2008



Жрөлөг

Түн. От жанып түр. Алауы желмен жалп-жалп етеді. От сәулесі ойнаган ханның жүзі түнеріңкі, алтын жалатқан сауытының жылтылы қосылып сан құбылады. Шапыраш көздері алдында тізерлеп түрган балаға тесіле қарайды, тіпті жеп қоярдай. Жарагы сай, сұсты да салтанатты ханның жанында баланың түрі тіпті аянышты-ақ, көзге ілгісіз. Бірақ қаһарлы әмірші онымен тілдесуді өз бойына ар көрмейтіндей.

– Әкең саган өз кәсібін үйретті ме?

Бала үн қатпады. Қорқып отыр ма, жоқ, сасқаны ма әлде таңырқағаны ма, белгісіз. Бұл арасына көзі жетпеген хан сұрагын қайталап қойды:

– Сен темір қорыту білемісің?

Тағы да жауап болмады.

– Егер де маган темір балқытушы болып қызмет қылсан, аман қаласың.

Тұтқын баланың жақ ашпауы әміршінің шамына ти-ді, алайда ол алдында түрган баланың аты шұлы шеберлерден қалған соңғы түяқ екенін білгендіктен, ашуын

тежеуге тырысты. Дегенмен, даусынан оның қандай күйде отырганын аңгаруга болатын.

– Сен білетін шыгарсың, менің айтқанымды істемегендер қандай күйге түсетінін?!

Бала көз алды тұманданып, төмен қарады. Ойы басқыншылар келгенге дейінгі туган ауылында өткен шаттыққа толы күндерді шарлап өтті. Үйі, мейірбан анасы, қамқор әкесі, бауырмал агалары мен әпкелері есіне түсті...

– Жауп бер!

Сабыры түгесілген ханның ызбарлы даусы шыбықпен осып өткендей болды. Бала селк ете түсті. Таңғы самал сейілткен түтіндей, ойынан тез айықты.

– Сен, бәрін өл-тір-ген сен... – деді бала тістеніп.

Баланың жан жарасы да, ызасы мен зары да даусымен бірге шықты. Жасқа толған көздері ханның жүзіне тура қарады.

Менменсіген хан ернін тыржитты. Тап осы сәтте бала ханга оқша атылып, жағасынан ала, шалқасынан құлатты. Қос қолымен жексүрын бетті төмпештеп, бар күшімен алтын жалатқан сауыттан тепкілей берді. Алайда, көрдегі қараңғыдан күзетшілер шыға келді де, баланы ханның ұстінен жұлдып алды. Хан орнынан да тұрып үлгерместен:

– Дәті барып маган тигізген қолы мен аяғын шабындар!..
– деді айғайлап.

Сол тұні жендет бүйрықты орындаады: баланың білезіктен қолы, тобықтан аяғы шабылды. Назыз жарымжан күйге түсті. Жүрмек түгіл, тік тұра да алмайды, қолы тіптен тاماқ жеуге жарамайды. Таң атысымен гаріп болған баланы ми батпаққа өлім аузына апарып тастады.

Мылсым тұс

Сала ыңырси көзін ашты. Жүрегі аузына тығыла атқақтай соғады, кеудесінен шығып кетердей. Дереу төсегінен атып тұрды, қолы мен аяғына қарауға жүргі дауаламады. Осы сәтте:

– Сен оянып алғанбысың, Естемі? – деген анасының даусы естілді.

От басында отырған анасын көріп, баланың көңілі жайланды: демек, бұл тек түсі екенғой. Қол-аяғына көз жіберді – бәрі дін аман. Жастыққа жалп етіп құлай кетті де, көзін тарс жұмды. Жаңағы түсті жалғастырғысы келді, бірақ онысынан түк шықпады.

Құлан келіп ұлының төсегіне отырды. Баланың дөңгеленген жүзінен шып-шып еткен терді байқап:

– Ауырып қалған жоқсың ба, әйтеуір? – деді уайым жей.

Ұлының мандаійынан сипап, ыстығы жоғын байқады.

– Түсінікті, жайсыз тұс көргенсің ғой? – Сезімтал ана дәл тапты. – Қане, айта ғой, не көрдің?

Естемі анасын шошытқысы келмеди.

– Әкем қайда? – деп сұрады.

Бәрін әкесінің өзіне айтып бергенде жөн көрді.

– Әкең тұн жарымда кетіп қалған.

Амалы қалмаған Естемі анасына айтудан басқа жол таппады. Ұлын тындал болған Құланның өнді бұзылып, үн-түнсіз сыртқа шығып кетті. Біраздан соң қайтып келді. Артынан Өрпері бақсы ере кірді. Кейуананың жас күнін көрген жан жоқ бүгінде, жұрт оны талай жүзді жасаған деп жориды. Түрік жұртында одан асқан тұс жорушы жоқ. Оған тіпті Жүжан хандығының алыс ауылдағынан да келіп-кетіп жатады. Эрине, ол жақта өз бақсылары да бар, бірақ мұны іздейтіндер көп.

Өрперінің келгені – түстің жай тұс болмағаны. Естемі көргенін бастан-аяқ қайта айтып берді. Мұқият тындал шыққан кейуана:

– Әруақтар ескертіп жатыр! Ашина өuletінің басына ұлкен сын түскелі тұр-ау, – деді басын шайқап.

Сосын Естеміге бұрылдып, ақырын ғана былай деді:

– Көп жылдар бұрын қастасқан жау біздің халықты түгел қырып жіберген, темір қорытудың сырын білмек болған. Бірақ құпияны ешкім ашпаған. Сондағы қырғыннан тек бір бала ғана аман қалыпты. Оның қол, аяғын шауып, өлімші күйде батпақты жерге қамыстың арасына тастап кетіпті. Сол бабамыз сенің түсіне кірген екен.

Өлім аузындағы ғаріп қалайша ми батпақтың ортасынан тірі шыққан, құла дүзде қайтіп аман қалған? Апырау, әuletін қалай жалғастырған сонда? Еstemінің таңданысында шек жоқ, содан оған Өрпері ғажап оқиғаның жайын айтып берді.

Сөйтсе, бала Көктің қүшімен аман қалыпты. Ұлы Тәңірі жарымжан денеге рух береді, ал Ұмай Ана балаға қаншық қасқыр кейпіне енгізіп, өзінің бір қызметшісін жібереді. Ол мүгедек баланы Тянь-Шань тауының қуыс шатқалына жасырып, асырайды. Бала жігіттік жасқа жеткен соң сол жерде екеуі жұптасып, оған он ұл туып береді. Содан өзі көзден таса болады, тек бебектері қиналған кезде келіп, болысып тұрады. Сөйтіп, ұлдар өсіп ер жетеді. Құндердің күнінде өкелері дүниеден озады. Ал оның бойындағы рух нәсіліне беріледі.

Ұрпақтан ұрпақ өрбіп, шатқалдағы адамдар жылдан-жылға көбейіп, бес жұз тұтіні бар бір рұлы елге айналады. Уақыт өте келе, тау қойнауы оларға тарлық етеді. Сонда көсемдері Ашина-ның¹ бастауымен бүкіл әulet шатқалдан шығады.

Олар жужан ханына барады, оған өздері жасаған болат бұйымдардан тарту ұсынады. Сол арқылы өмірші бұлардың шеберлер құпиясын сақтап қалған соңғы тұяқтың ұрпақтары екеніне көз жеткізеді.

Жүжан ханы Ашина руына шығыс Алтайдың таулы аймағынан қоныс береді. Ақысына темір өндіріп, одан жасаған заттарды салық ретінде төлеп тұратын болып шарт жасасады.

– Содан бері біз Өтікен жұртын қоныс етіп келеміз, – деп Өрпері әңгімесін аяқтады.

– Сонда арғы бабаларымыздың туған жері бұл жақ емес екен ғой?

– Ол мына жақта, күн ұясына қонар бетте.

Еstemі орнынан тұрмак болып ұмсынған бақсының қолынан шап берді.

¹Ашина – текті қасқыр.



– Ар жағын айтсаңшы.

– Мұны Онай ақсақалдан сұрағаның дұрыс, ол менен гөрі көп біледі, – деп жауап берді ол.

Еstemі бірден жиналды. Былғары етігін асығыс кие сала, сыртқа ұмтылды.

Онай азанғы асын ішіп отыр екен. Үй ішінен жылқы етінің іісі аңқиды. Еstemі келгенде, ол тамақтанып болып қалған-ды. Сұлгімен аузын суртіп, босаған ыдысты шетке алыш қойды да, шалқайыңқырап отырды. Бала амандастып, ошаққа жақын келіп жайғасты.

– Қарияны есіңнен шығармайтыныңа рақмет, – деді Онай қонағына құлімсіреп.

– Мен сізге Өрпегі бақсының сілтеуімен келдім.

Еstemі көрген түсі мен кейуана бақсыдан естігендерін айтып болғанша, ақсақал ағаш аяққа сорпа құйып, балаға ұсынды.

– Енді астан ала отырып, тыңдай бер.

Онай әңгімесін Ашина өулеті Өтікенді² қоныстанған заманнан бастап, олардың темір, болат қорытып, неше түрлі бүйімдар жасағанын, ол уақытта қару-жарак, сауыт-сайманның жоғары бағаланғанын, сондықтан кеншілердің шеберлік даңқы қоңылас малшы, аңшы тайпалар арасында кең таралғанын айтып берді.

Одан әрі көшпендерілөр әр көктем сайын, батыр дұлығасын еске түсіретін Ул-Түркі³ тауының етегінде бас қосатынын әңгімеледі. Мұнда халық той жасап, жаңа жыл басталар Ұлыс⁴ құнін атап өтеді екен. Ал рубасылар мен көсемдер шешуші байламдарын жасасқан. Тап осы жерде он рудың тайпалық одағы дүниеге келген⁵. Одақ оқиға болған жердің атына орай «туркілер» деп аталған.

Түркілердің тұңғыш басшысы болып Ашина өулетінің көсемі тағайындалған. Халықтың үлкен сеніміне ие болған ол жужан ханына адал болуға ант еткен. Жужан ханы оған шад⁶ атағын берген. Содан бері бұл атақ әкеден үлкен балаға мұра ретінде өтіп отыратын болған. Атақпен бірге үлкен он рудың басын қосқан одак билігі де соған тапсырылған.

²Өтікен – түркілердің шыққан жері, атамекені саналады.

³Ул-Түркі – алып дұлыға.

⁴Көшпендерілөр жаңа жылды наурыз айының 22-нен 23-не қараган түні тойлаган.

⁵460 жылы Өтікен қойнауында он тайпаның басын қосқан «туркілер» одағы дүниеге келді.

⁶Шад – тайпалар көсемінің атагы, түркілер билік жүргізген кезеңде шад әскердің сол қанатын басқарған.

Онай қасын кере, Естемінің қолындағы ыдысқа қарады. Бала бойын жиып, астан ала бастады, әйтпесе, үй иесінің көңіліне келуі мүмкін. Қария басын изеп қойып, әңгімесін жалғады:

– Туркілер басшылығы сенің әкең Ағын шадтың қолына көшкен кезде Жужан хандығында тақ таласы басталды. Бір жыл ішінде үш хан ауысты. Ақыры, билікке Футу келді. Алайда ол алды елдің барлық ру-тайпаларын біріктіре алмады. Мемлекет басын ала қашқан сәйгүлікше шама бермей, бет алды ауып, іргесі сөгіле берді, тоқтамады. Телеуіт тайпалары Жужан хандығынан іргесін аударып, Ертіс өзені алқабына қоныс аударды. Сонда өздерінің Гаогюй⁷ деп аталған мемлекеттерін құрды. Олардың бөлінуі елді әлсірете түсті. Мұны Гаочан⁸ князьдігі өз қолайына пайдаланды. Тәуелсіздігін жарияладап, астықпен төлейтін салықты беруден бас тартты. Жужанияда аштық бел алды. Бәленің басы содан басталды. Вәй империясы Гаогюй мен Гаочан князьдіктеріне қолдау көрсетіп, Хами маңына Мин Вәй қолбасы бастаған қосындарын әкеліп орналастырды. Мин Вәй Жужанияның оңтүстік шекарасына оқтын-оқтын шабуылдан, Футу хан өскерінің негізгі қүшінің еркін қимылдауына жол бермеді. Ал бұл аралықта Гаогюй қалың қол жиып үлгірді. Осылайша, Жужания дүшпандарының қоршауында қалды. Бір күні олар өзара келісіп, жан-жақтан шабуыл бастады⁹. Ақыры, соғыс өрті тұтанды. Футу хан мерт болып, орнына жаңа хан Чеуну сайланды. Ол Вәй империясымен бейбіт келісімге қол жеткізді. Сосын Ертіс алқабында Гаогюй князьдігінің өскерін талқандап, Гаочан князьдігін қайта бағындырып, елде тәртіп орнатты. Содан бері, міне, тұтініміз тұзу шығады! – Онай қарт алақанын көкке жайды. – Мадағымыз шексіз Көкке!

– Демек, Чеуну күшті адам болғаны ғой.

– Күшті болғанда қандай, – деді қария даусын көтере. – Чеуну тек күшті ғана емес, ақылды, әділ өмірші! Халық оны сыйлайды. Сосын ғой, Бумынды әкең соған жіберді, хан өз баласындей тәлімін береді.

Естемі ағасы туралы естігені болмаса, әлі бірде-бір рет көрген емес. Екеуінің әкелері бір, аналары бөлек. Бумынның анасы ұлы

⁷Гаогюй – Ертіс өзені алқабындағы ортағасырлық мемлекет.

⁸Гаочан – Түрған шұратындағы князьдік. Түргындары жер өндідеумен айналысқан, астық өсірген. Гаочан 500 жылы Вәй империясының қолдауымен өз тәуелсіздігін жарияладап, жужан ханына астық салығын төлеуден бас тартты.

⁹Вәй империясы мен Гаогюй князьдігі Жужан хандығына 507 – 508 жылдары басып кірді.



бесіктегі күнінде дүние салған. Бала тарқан¹⁰ Құржанның әйелін еміп өсіпті, оның да сол кезде емшектегі Жора деген ұлы болған. Екі бала қатар өскен. Қазір Бумын мен Жора хан ордасында, оларды Чеуну ханға аманатқа¹¹ берген.

Онай қарттан шыққан соң Еstemі үйге көнілді оралды. Бақсының әлі кетпегенін көріп, қасына отыра кетті. Сауалы да дайын еді:

- Құрметті Өрпері, біздің әuletтің басына қын күндер туатынын қайдан білдіңіз?
- Сенің тұсіңнен...
- Сонда не болуы керек?
- Білмеймін, – деді Өрпері шынын айтып. – Tipi болсақ – көреміз.

Айтқанындай-ақ, арада бірнеше күн өткенде, Ашина әuletтің ауылына жаушы келді. Түріктер көсемі әйелінің отауында ас ішіп отырғанын біліп, тұра соған тартты. Сарбаз ішке кіріп, от басына жақыннады. Тізе бүгіп, қолын кеудесіне қойып, басын иді.

– Шад Ағын, Чеуну туған бауыры Анахуаньнің қолынан мерт болды¹². Ол өзін хан жарияладап, марқұм ханның жақтастарын жазалауға кірісті. Олардың ішінде Бумын да бар. Ол төрт жүз түрік сарбазымен қашып шықты. Бет алыстары – сенің ауылың, – деді басын көтеріп.

Еstemі анасына қарап, оның көзіндегі үрейді байқады. Бірақ әкесі сабырлы қалпы, ештеңе болмағандай. Бұйрық бере сөйлегендеге де даусы орнықты, нық шықты:

- Құржан тарқанға шап, ол өз жауынгерлерін алып Бумынның алдынан шықсын!

Жаушы орнынан тұрып, шығып кетті. Ағын да сыртқа беттеді. Оның артынан Еstemі де ілесе шықты.

Ауыл абыр-сабыр. Үй арасында жүгірген кісі, кісінеген ат. Бір шетте топ болып балалар тұр. Еstemінің көрген бойда олар жүгіріп келіп, қаумалап, сұрақтарын жаудыра бастады.

- Чеунудің өлтірілгені, Бумынның хан ордасынан қашып кеткені рас па?

– Рас.

¹⁰Тарқан – түркі ақсүйектерінің шені.

¹¹Аманат – көне жоралғы, вассалдар өз балаларын әміршінің тәрбиесіне беретін болған.

¹²520 жылды Жужан хандығында төңкеріс болды. Чеуну ханды бауыры Анахуань өлтіріп, таққа өзи отырды.

– Сонда сенің тұсінің аян болғаны ма?

Еstemі қай күні көрген тұсін есіне алды, демек, сол кезде Бумынға қатер төнген екен-ау деп ойлады.

– Солай болғаны да.

– Ал сен одан кейін тұс көрген жоқсың ба?

– Көрдім! Бумын аман-есен, тұсінікті ме!?

Еstemі өзінің неліктен өтірік айтқанын тұсінбеді. Солай болғанын тілегендіктен шығар. Кешікпей тілегі де орындалды.

Сәулесін шаша күн көтерілді. Есіктің аузында анасының қасында тұрып Еstemі де алыстан көрінген сарбаздарға көз жіберді. Көптің арасынан екі аттылы бөлініп, бері қарай жеке салды.

– Сол жақтағы – Бумын, оң жақтағы – Жора, – деп тұсіндірді Құлан.

Еstemінің есіл-дерті келе жатқандарда, көзін айырмай қадала қарайды. Бумын аттан тұсіп, Құланға жақын келіп, қолын кеудесіне қоя басын иді. Сонын інісін көтеріп алып, тұлымынан мейірлене иіскеді. Еstemі де қарап қалмай, ағасын иіскеп көрді, бір түрлі тосын иіс. Мұның соғыс иісі екенін ол тек көп жылдан соң білді.

Бумын күлімсіреп, інісін жерге тұсірді де, әкесінің үйіне беттеді. Оған еріп Жора да сонда кірді. Олар сол кіргеннен кешке дейін шықпады.

Еstemі үлкендердің әңгімесін бар ынтасымен әрі таңырқай тыннады. Анахуань Бумынның артынан қуғыншы жіберіпті. Қуғыншыларды бұлар талқандапты, дегенмен, сол ұрыста біраз түрік сарбазы да ажал тауыпты. Енді олардың туғандары мен жақындары кек алуға тиіс. Әйтпесе, марқұмдардың жаны Жер-Су¹³ патшалығында тыншу таппайды. Туған-туысының тұсіне кіретін болады.

– Біз енді ханның өзімен соғысамыз ба? – деді Еstemі таңырқап.

– Жоқ, Ағын шад бастаған түріктер оған адалдығын сақтайды, – деп жауап берді Бумын. – Ал бұл шешіммен келіспейтіндер маған еріп жорыққа аттануға тиіс. Біз Шифаға қосыламыз, ол да Анахуаньнен Чеунудің кегін алғысы келеді.

¹³Жер-Су – аңыздагы ел, көне түріктердің тұсінігі бойынша, өлген кісінің жаны сонда жай табады.

Келесі күні таңтертең Бумын бастаған мың қаралы сарбаз жолға шықты. Жорыққа аттанып бара жатқандардың соңынан бір топ бала шапқылап жүр. Біраз ұзаған соң, олар аттарына қамшы басты. Арттарында тек будақтаған қою шаң қалды. Содан бері ауылды үрейлі, сұрқай күндер жайлап алды.

Жайдары дауыс, шат құлкінің естілуі сирек құбылысқа айналды. Қыз-келіншектер ән салуды, бала-шаға көңілді ойын-шуды ұмытты. Қам көңіл жұрт үнсіз. Еңсені басқан мынадай жағдайда Еstemі үйде отыра алмады. Күн ара таулы алқапқа шығып кетеді: таң сәріден тұрады да, атына міне салып, Қарақұзға қарай тартады. Бұл жерде басқа ауылдардан да өзі сияқты балалар жиналады. Бөрінің күтетіні – жаушы. Женіс жайлы жақсы хабар әкелер деңгөн үміттері зор. Міне, сонда бұл шуылдақан топ Өтікен жұртын бастарына көтеріп, «сүйіншілей» шапқылар еді армансыз...

Алайда, жаушы балалар үйқы құшағында жатқанда, түн ішінде келіпті. Еstemі иығынан біреу ұстағандай болғасын көзін ашты, анасы екен.

– Ертең біздікілер қайтып келеді! – Дауысында қуаныш табы сезіледі. – Анахуань жеңіліп, Вәй империясына қашып кетіпті!

Сырттан жарқын дауыстар, көңілді құлқілер естілді. Еstemі сүйінші сұрай алмағанына жабырқады. Жақсы хабарды бөрі естіп алған. Шіркін, соны бірінші болып естірткенде ғой... Дегенмен, мұның да реті табылды. Анасы оның ойын тап басқандай:

– О나й ақсақалға жүгір. Ұлы Қаныш мыңбасы болыпты. Содан соң жұзбасы Ақтайдың әйеліне соқ, ері нағыз батырларша шайқасып, ұрыста жеті дүшпанды жайратыпты, – деді.

Еstemі апыл-құпым киініп, анасының айтуымен барып, сүйінші сұрап, қамшы мен қанжар иеленіп шыға келді, басқа олжаларын ештеңе алмаған достарына таратып берді.

Таңтертең балалар Қарақұзда тағы бас қосты. Олар жаушыны қарсы ала алмаса да, Бумынның сарбаздарын қалт жібермеді. Бірақ бұл кездесу Еstemі ойлағандай көңілді болмады. Қаншама жауынгер отбастарына оралмаған, тірі қалғандарының да көбісі жаралы. Еstemінің қасындағы балалардың біразы әкелерінен айырылды. Мұның да жаны күйді, жүрегі сыздады. Жетім қалған немесе ағасы не әкесі ұрыстан жарымжан оралған достарымен бірге қайғырып, қолынан келгенше демеу берді.

Жесірлер қара жамылып, жаралылар өлі айығып болмаған кез еді. Елге тағы жаманат хабар жетті. Қашқын Анахуань ханың немере ағасы Поломынь жақтастарын жиып, Шифаны жеңіп, Жужан хандығының тағына отырыпты. Жаңа өмірші өте биліккүмар жан болатын. Сәл жаңсақ басқан көсемдерді өлімге кесіп, тайпаларды шауып, ауыл-аймағымен жойып жіберіпті. Содан көшпендер одан қашып құтылғанды жөн көріпті.

Бір күні Өтікенге Құтыз бек бастаған сір¹⁴ жұртының бас сауғалап қашқандары жетті. Олар Ағын шадтан пана сұрап келіпті, бұл оларға өз иелігінен қоныс берді. Жужан ханының вассалы¹⁵ болғандықтан, түрік билеушісі Поломыньге жауашы жіберіп, қабылдаған шешімін хабарлады.

Ханың жауабы қысқа болыпты: «Құтызды өлтіріп, қашқындарды қусын!» – деп әмір беріпті.

Алайда, бұйрық орындалған жоқ. Оның мәні – Бумын Құтыз бектің қызына үйленді, ал дала заңы бойынша, ағайын-жекжаттың бір-біріне қару кезенуіне жол жоқ, қайта олар дұшпанымен тізе қосып соғысуға міндетті.

Мына іс қолайына жаққан көшпендердің алдында түріктердің абыройы арта тұсті. Және қоныс аударушылар да көбейді. Кешікпей Өтікенге адийе¹⁶ тайпасының бірнеше ауылы келіп қоныстанды. Олардың жауынгерлері түрік өскерінің қатарын толықтырды.

Поломынь хан бұған үнсіз қарап отыра алмады. Жорық үйымдастырып, қыңыр вассалды тезге салмақ болды. Бірақ, тарих доңғалағы басқаша айналды.

Бұл аралықта телеуіт өміршісі Ифу күшті қол жиып, жұжандарға қарсы шықты. Ол Поломынды тас-талқан етті. Поломынь Вәй империясына қашып барып, артынша сонда өлді. Жужан хандығында билік аз уақытқа болса да, Синифаның қолына тиді. 521 жылы телеуіттердің тықсыруымен ол да Вәй империясына қашуға мәжбүр болды.

Алып ел басшысыз қалды. Дей тұрганмен, кешікпей тақтан үміткерлер шықты. Олардың арасында өзара соғыс басталды. Бұл іншілік Жужан хандығын ішкі күйзеліске өкелді. Жол торыған қарақшылар көбейіп, керуендердің тоналуы және мал барымталау әдеттегі іске айналды. ...Аласапыран күндер туды.

¹⁴Сір – қыпшақтың көне атавы.

¹⁵Вассал – тәуелді.

¹⁶Адийе – қазақтың адай руының көне атавы.

Аманат

 тікен жұрты Даңада болып жатқан оқиғалардан шеткегі, бейбіт тірлік кешіп жатты, тек ара-тұра сүйқ хабар жетіп тұрды. Мұны олар Қарақұзда жеделдете талқыға салады, Еstemінің көп уақыты осында өтеді. Таң атысымен құрбықұрдастарымен кетеді де, содан ауылға күн көкжиектен асқанда бір-ақ қайтады, жеткенше жарысады, естіген-білгендерін ортаға салуға асығады. Бірінші келген сый алады. Қебіне, бірінші болып жететін – Еstemі. Келе-келе жарыста онымен бәсекеге түсер ешкім қалмады. Жұрт оны тықырши күтетін болды.

Бір күні ол сәске түсте жетіп келді, мұны ешкім күтпеген. Асығуына Анахуаньнің Вэй империясынан қашып шыққаны жайындағы хабар түрткі болыпты¹⁷. Анахуаньнің артынан аттандырылған құғыншылар Шаньси аймағында бүрк ете түскен көтеріліске орай ізге түсулерін тоқтатуға мәжбүр болыпты. Хань Балин бастаған бүлікшілер Во-ье қамалын басып алып, соның арқасында жужан ханы (Анахуань) ажалдан аман қалыпты.

Қашқын әміршінің оралуы кезінде оның елден қашуына себеп болғандар үшін жақсылық нышаны емес еді, ал олардың қатарында Бумын да болды ғой. Өтікен жұрты үреймен ақырын күтті. Алайда Даңаға оралған Анахуань бұрынғы жауларымен есеп айырысып жатпады. Басқалар да одан қанды кегімізді қайтарамыз деп үмтүлмады. Бұліншілікпен өткен жылдар халыққа сабак болды: тақтан үміткер он кісіден бір хан артық екенін түсінді.

Анахуань Жужан хандығын қалпына келтіруге тырысты. Есіл-дерті елдің күш-құдіретін қайтаруда болды. Батыл қадам-

¹⁷Анахуань Вэй империясынан 523 жылы қашып шығады.





дарға барып, бәріне елеп-екшеп қірісті. Анау айтқандай, жайма-шуақ болмаса да, ақырында бейбіт күндер қайта туды. Хан билігін мойындайтынын білдіріп Ағын шад Анахуаньге алым төлеуге және де ұлын аманатқа беруге тиіс еdi.

Бұл кезде Бумын есейген, үйлі-баранды, жеке ауылымен әкесінен бөлек көшіп-қонатын. Ханмен арасы да онша мәз емес екені белгілі. Сондықтан да, түрік көсемдерінің кеңесі хан ордасына Еstemіні жіберетін болып шешті. Онымен бірге төрт мың доғылат¹⁸ ере шығатын болды. Мұның мәнісі – түрік сарбаздары Анахуаньге өз билігін нығайтуда жәрдемдесуге тиіс, оған қоса, Өтікен халқының тыныштығына да кепіл болады. Олардың туған халқына қол көтермесі хақ, қайта керісінше, төнер қауіп болса, алдын ала ескертеді.

Еstemіні жолға шығарып салып тұрып анасы көз жасын жасырмады. Бумын болса, ыздан жарылардай. Енді ол Анахуань не айтса да, бұлжытпай орындауға тиіс, әйтпесе, інісін аман көруі негайбыл.

– Уайым жемеңдер! – Еstemі олардың көңілін жайландырып өуре. – Зәбір көре қоймаспын!

Қош айтысып болғасын, түрік өскері хан ордасын бетке алып жүріп кетті.

Құла айғыр мінген Еstemі әкесі мен Жораның ортасында келеді. Бумын інісіне бас-көз болуды Жораға тапсырған. Кеш түсе олар үлкен жотаның қырына шықты. Еstemі тізгінін тарта берді. Алдында бейтаныс ел, мұнда әдеттегі орманды тау, шалғыны қалың өзенді алқап жоқ. Екі шеті көз жетер жерден сонау көкжиекке дейін ұшы-қыры жоқ маң дала, кедір-бұдыр, умаж-умаж киіз секілді.

Шегі жоқ сайын далаға иір-иір шағыл төбелер өзіндік көрік беретіндей. Бір қарағанда, теңіз бе дерсің. Мына көрініс көңілді де алып ұшырады. Еstemі бүгінге дейін өзі біліп келген дүниенің әлдеқайда үлкен өрі әр қылыш екеніне қазір көз жеткізіп, көңілімен үқты.

Әуелгіде далада тіршілік жоқтай көрінген, абылап қараған соң ғана, Еstemі мына ғажап жердің білмегенге солай көрінетін түсінді. Жол бойы шегірткенің шырылы мен шымшықтың

¹⁸Догылат – «сауытты адам» дегенді білдіреді, «кәсіби сарбаз» деген магынада.

шықылығы бір тынбады. Қай жаққа қарасаң да, інінің аузында селтиіп тұрған сұырлар. Бір-біріне қатерден хабар беріп, шиқ-шиқ етеді. Бір кезде құланның үйірі де көзге шалынды. Будақтай шаң көтерілді де, сейілген кезінде, орнында оларды еске түсіретіндегі белгі де болған жоқ.

Кенет алдарынан бір тұлкі шыға келді. Ол сасқалақтап, қалай қашарын білмей қалды. Еstemі қуа жөнелді, бірақ айлақер аң жерге кіріп кеткендегі таптырмай қойды. Енді бір сәтте алыстан хан ордасы да көрінді. Биік шоқының үстінде ақ шатыр тұр, айналасы толған боз үйлер. Орданы айналдыра жалжал құм үйіліп, оған ағаш бағаналар тігіліпті. Мынадан өту мүмкін еместей. Тек шығыс жағында өткел бар екен, түнемелік оны арбалармен жауып қоятын көрінеді.

Ағын шадтың келгенін естіп, Анахуань өзіне шақыртты. Еstemі өкесімен бірге ақ ордаға кірді. Олар орданың ортасына жетіп тоқтады да, тізелерін бұғіп, бастарын иді.

Ханмен аралықта екі құзетші тұр, өміршінің өзі биік киіздің үстінде отыр. Оның екі жағында екі қатар ұзын ағаш орындық қойылған. Бас қосу, жиындарда оған жужан ақсүйектері отырады. Қазір мұнда ешкім жоқ.

– Амансың ба, Анахуань хан! – деді Ағын. – Мен кіші ұлым Еstemінің өмірін тек саған ғана сеніп тапсыра аламын.

– Мен оған өз баламдай қараймын, – деді Анахуань жайғана.

– Еstemімен бірге төрт мың доғылат ере келді, – деп Ағын сөзін жалғады. – Олар саған адал қызмет көрсететін болады. Ордаңда қалуына рұқсат ет.

Анахуань жайдарылана құлді. Шын қуанды. Өйткені түрік сарбаздары әскерінің қатарын толықтыра түспек.

– Олар қостарын төрт жерге тіксін, бір-бірінен оқ жетер жерде болсын. Еstemі солармен бірге тұра алады.

– Рақмет саған, Анахуань хан!

Ағын мен Еstemі орындарынан тұрып, сыртқа шықты.

Кешкे таман түрік сарбаздары төрт бөлініп, қостарын орнатты. Жора тұнгі құзет қойып, қалғандарына жатып ұйықтауды тапсырды. Айтқаны бұлжытпай орындалды. Тіпті мұны естіген Ағын да демалуға жайғасты.





Еstemінің көзі ілінер емес. Шаңырақтан жұлдызды аспанға қарап, ойға шомып жатыр. Шегі жоқ әлемнің мынау бір пұшпағы ғана, тұтасын көру үшін сыртқа шығу керек. Бары сол...

Таңтерен Еstemі оянып, әкесінің қоштаспастан кетіп қалғанын біліп, шала бүлінді. Жора оның үйқысын бұзғысы келмегенін айтып, көңілін жайлап өуре.

– Қостан жалғыз шығып жүрме, – деп ескертті ол. – Жаныңда үнемі Куремса мен Тайпас бірге жүруі керек.

– Ал егер олардың біреуі науқастанып қалса ше? – Еstemі құлана көзін сыйрытты.

– Онда соның тесегінің жанында отырасың. – Жора қарқылдап күліп жіберді.

Еstemі де көңілдене күлді. Науқастың жанында тек жақындары ғана отыратынын ол біледі. Ал бұл өзінің қорғаушыларын әлі танымайды да. Бірақ оларды Еstemі көргенде, мына епті де күші тасыған екі жігітке үқсағысы келетінін сезді. Нағыз батыр, жаужүрек сарбаздар! Олардан талай нәрсені үйренуге болады. Содан ол жаңағылардан тәлім, үлгі алуды дағдыға айналдырды.

* * *

Тұрік сарбаздарының қосындарына Анахуаньнің Вәй императорына Во-ье қамалына бірігіп жорық үйымдастыруды ұсынғаны жайлы хабар тарады. Қамалда Хань Балин бастаған көтерілісшілер бекінген болатын. Бұл кезде Еstemі атын өзі ертей алатын¹⁹ жаста еді.

Жүжан ханы сол жақтан екі жыл бұрын ғана әрең қашып құтылған-ды, енді не деп оларға көмек қолын ұсынбақшы, Еstemі осыны түсінбеді.

– Олар жаулар ғой... – деді таңырқап.

– Ай, балақай-ай, – деді Жора күрсініп. – Есейген соң өзің де түсінерсің, ханның досы да, жауы да болмайды.

Ол Еstemіге кешегі қашқын жүжан ханы үшін күшті ел басшысы алдында бұрынғы істеген істерін жуып-шаюға ыңғайлыштады. Сәт түшінбада, бұл соның амалы екенін түсіндірді. Әрине,

¹⁹Тұріктегі он үш жасында ат ерттеуді үйренген.

Анахуань тек жеке басын ғана емес, ел-жүрттың да жайын ой-лап отыр. Оның есебі қарапайым. Жорық қалай нәтижеленсе де, Жужан хандығы күнгейдегі күшті көршісімен бейбіт келі-сімге келеді. Вэй императоры үшін де жужандармен бітімге ке-лу пайдалы. Өйткені бұлардың көмегімен ол үлкіншілерді бір жақты қылуды ойлады.

– Онда жорыққа дайындалу қажет екен ғой?! – Естемі қуа-нып кетті.


Небір баһадүрлердің жорықтағы ерлігіне қанып өскен ол ен-ді соны өз көзімен көргенше асықты.

– Иә, дайындалу керек, бірақ саған емес, – деді Жора мырс етіп. – Сен осында қаласың.

– Бара-йын-шы, – деді Естемі жыламсырап, Жора есіркеп қалар деген үмітпен.

– Тіпті ойлаушы да болма!

Бірақ Естемі бағы жанып, жұлдызы оңынан туған бала ғой, оның қандай тілегі болмасын, үнемі орындалатын...



Сайыс

Жорыққа шығар алдында Ордада балуандардың, мергендердің сайысы жөне бәйге болатыны жарияланды. Бұл нағыз мерекенің өзі, тіпті жер де, оған қоса, көк те думанға үн қатып жатқандай еді. Асылып жатқан қазан-қазан жылқы етінің, қой етінен шыжғырылған қып-қызыл көуаптың аңқыған иісі атырапқа жайылып тәбет шақырады.

Төңірек улап-шулаған бала, өн шырқаған қыз-келіншек. Домбыра мен қобыздан күй төгіліп, сазсырнайдың өсем үні құй-қылжиды. Дырдулаған көпшіліктің даңғаза даусы балуандар ортаға шыққанда, тіptен күшейе тұсті. Ортадағы алаңқайға олар жұп-жұбымен шығып жатыр, жеңгені келесі белдесуге дайындалса, жығылғаны жұрттың мазағына ұшырап, қалың топқа сіңіп кетеді.

Ең соңғы жұп қалды. Балуанның бірін Еstemі біледі. Ол – Куремса, ал екіншісін көріп тұрғаны осы. Жужан ақсүйектері тегіс соны қолпаштап жатқанына қарағанда, бейтаныс балуан солардың тайпасынан болса керек.

Балуандар айналып ұзақ жүрді, бір-біріне шап-шап бергенімен, қайтадан ажырап кетеді. Ақыры, қолайлы сәтін аңдыған Куремса қарсыласын қапсыра құшақтай алып, тік көтерді де, алып ұрды. Қалың жұрт шу етті, ал жеңімпаз қалықтаған бүркіттей қос қолын жайып, шеңбер айнала дәстүрлі биді бастай жөнелді. Еstemі қуанғаннан айғайлап, қолын бұлғап жатыр. Куремса жақындады да, баланы жерден көтеріп алып, барынша өуелете лақтырып жіберді.

Еstemі өзін бір сәтке көкке самғаған құстай сезінді. Оған айнала көз жетер жер түгел сарбазға толып кеткендей көрінді. Көкке ұшқаны қас қағым ғана сәт. Еstemіні қағып алған Куремса оны қайта орнына қойып, биін одан өрі жалғап, тура Анахуаньнің